

2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 77 қаулысы.
Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 ақпанда № 9-10-176 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2 тармағына сәйкес, Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін 2012 жылға арналған, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ (бір жыл және одан да көп) уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 2) қырық бес жастан асқан тұлғалар;
- 3) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіптік оқуды бітірген жұмыссыздар;
- 4) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 5) маусымдық және уақытша жұмыстардың мерзімі аяқталуына байланысты жұмыстан босатылған жұмыссыздар;
- 6) бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар (жұмыс өтілі жоқтар).

2. "Жітіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жоғарыда аталған тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Ә. Жаулыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ж і т і қ а р а

ауданының әкімі

Қ. Испергенов